

Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға рұқсат беру ережесін бекіту туралы тәртібі туралы"
Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 151 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 27 қаңтарда N 250 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 30 шілдедегі N 264 қаулысымен.

ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 30 шілдедегі N 264 қаулысынан үзінді:

Нормативтік құқықтық актілерді "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1 . "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру Ережесін бекіту туралы" бағалы қағаздар бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 151 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 250 тіркелген, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік және құқықтық актілер жинағында, IV том, 2001 жылы жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

Ескерту: Атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

Бағалы қағаздар рыногы үшін мамандар даярлау жөніндегі курстардың тыңдаушыларын оқыту және аттестациялау жүйесін жетілдіру қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы **қаулы етеді** :

I. "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курс тыңдаушыларын аттестациялау тәртібі туралы" және "Мамандарды бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін оқытуға оқу орталықтарына Рұқсат беру тәртібі туралы" Ережелер бекітілсін.

II. Бағалы қағаздар рыногын құқықтық қамтамасыз ету басқармасы "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курс тыңдаушыларын аттестациялау тәртібі туралы" және "Мамандарды бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін оқытуға оқу орталықтарына Рұқсат ету тәртібі туралы" Ережелердің мемлекеттік тіркелуін жүзеге асырсын.

III. Осы Ережелер мемлекеттік тіркеуден өткізілген сәттен бастап Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 2 ақпандағы N 15 қаулысымен бекітілген "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курс тыңдаушыларын аттестациялау тәртібі туралы ереженің" және "Мамандарды бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін оқытуға рұқсат беру тәртібі туралы Ереженің" күші ж о й ы л ғ а н д е п т а н ы л с ы н .

IV. Талдау-сараптау басқармасы осы аталған нормативтік актілер мемлекеттік тіркеуден өткізілген сәттен бастап бір ай ішінде БҚҰК ресми баспасөз органында жариялауды қамтамасыз етсін және оқу орталықтарының материалдарын осы нормативтік актілерге сәйкестілігін қайта қарасын.

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я н ы ң

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Б а ғ а л ы

қ а ғ а з д а р

ж ө н і н д е г і

ұ л т т ы қ

к о м и с с и я с ы н ы ң

1 9 9 6

ж ы л ғ ы

1 3

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 151 қаулысымен бекітілді

**Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін
мамандар даярлау жөніндегі жұмысты жүзеге
асыруға рұқсат беру ережесі**

Ескерту: Ереженің атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

Ескерту: Мәтін бойынша "БҚҰК" аббревиатурасы тиісті септіктерде " уәкілетті органды", "уәкілетті орган" және "уәкілетті органмен" және "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже " Бағалы қағаздар рыногы туралы ", " Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеуі үшін мамандар даярлауды жүзеге асыруына рұқсат беру, қолданылуын тоқтата тұру және рұқсатты қайтарып алу тәртібін анықтайды.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

2 . < * >

Ескерту: 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

3. Оқу орталығы - белгіленген тәртіппен бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандарды оқытуды өткізу және ұйымдастыру құқығына уәкілетті органның рұқсатын (бұдан әрі - Рұқсат беру) алған заңды тұлға.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

4. Рұқсат беру туралы шешім оқу орталығы мәлімдеген оқытуды мамандандыру санаттарының әрқайсысы бойынша жеке қабылданады.

Осы шешім бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін сапалы даярлық алудағы әлеуетті тыңдаушылардың мүдделерінің басымдылығын сақтай отырып ұсынылған құжаттарды талдау негізінде қабылданады. Рұқсат осы Ереженің қосымшасымен белгіленген үлгіге сәйкес б е р і л е д і .

Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

II. Рұқсат алуға құжаттар ұсыну

5. Рұқсат беру үшін оқу орталығы уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

- а) мамандану санатын, өтінушінің заңды мекенін және бірінші басшы қол қойған және мөрмен куәландырылған банктік реквизиттерін көрсете отырып, Рұқсат беру үшін жазылған өтініш (еркін нысанда);
- ә) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

- б) құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- в) жалға алу шарты немесе тыңдаушылармен сабақ жүргізу жоспарланған үй-жайды меншіктеу құқығын растайтын өзге құжат;
- г) оқу орталығының штатындағы қызметкерлері туралы мәліметтер (туған жылы, білімі, ғылыми атағы, педагогикалық қызметінің стажы);
- ғ) тыңдаушылармен сабақ жүргізу үшін тартылатын оқытушы-профессорлар құрамының тізімі, оның ішінде негізгі жұмыс орнын, қызметін, оқытушылық қызметінің стажын, ғылыми атағын (егер бар болса) көрсете отырып, шарттық негіздегі;
- д) тыңдаушылармен сабақ жүргізу үшін тартылған оқытушылармен жасасқан шарттардың, контрактілердің немесе еңбек келісімдерінің көшірмелері;
- е) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін тиісті санаттағы мамандар даярлау жөніндегі сабақтардың Бағдарламаға сәйкес жасалып, уәкілетті органның Аттестациялық комиссиясы бекіткен оқу-әдістемелік жоспарлары;
- ж) тиісті оқу курсы бойынша курстардың тыңдаушыларына таратылып берілетін, құрамына оқу-әдістемелік әдебиеттер және нормативтік-құқықтық актілер енгізілген үлестіру материалы, бұл жағдайда осындай материалдың қажетті ең аз мөлшерін уәкілетті органның Аттестациялық комиссиясы белгілейді;

з) оқу процесінің техникалық қамтамасыз етілуі туралы анықтама.

Ескерту: 5-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

6. Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандарды оқытуға Рұқсаты бар оқу орталықтары басқа санаттағы мамандарды оқытуға Рұқсат алу үшін уәкілетті органның қарауына осы Ереженің 5-тармағындағы а), е), з) тармақшаларындағы көрсетілген құжаттарды ұсыну керек.

Ескерту: 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

7. Оқу орталықтары жоғарыда көрсетілген құжаттардың толық пакетін ұсынған сәттен бастап бір айдан аспайтын мерзімде уәкілетті орган Рұқсатты беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

8. Ұсынылған құжаттарды қараудың нәтижелері бойынша Рұқсат беруден бас тартылған кезде уәкілетті орган өтінушіге Рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді қорытынды жібереді.

Ескерту: 9-11-тармақтар алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

III. Рұқсатты қолдануды кідірту және мерзімін ұзарту

12. Берілген Рұқсатты қолданудың мерзімі - бір күнтізбелік жыл. Аталған мерзім оқу орталығының өтініші бойынша және уәкілетті органның шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

13. Рұқсатты қолдану мерзімін ұзарту туралы шешімді Рұқсат берілген күннен бастап өткен мерзім ішіндегі оқу орталығы қызметінің нәтижесі бойынша уәкілетті орган шығарады.

14. Рұқсатты қолдану мерзімінің аяқталу сәтіне оны қолдануды ұзарту туралы оқу орталығынан өтініштің түспеуі оны қолдану мерзімінің тоқтатылғанын білдіреді.

15. Осы Ереженің 5-тармағындағы көрсетілген құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда оқу орталығы жеті күн мерзім ішінде уәкілетті орган жазбаша ескертпе жіберуге міндетті. Бұл жағдайда оқу-әдістемелік сабақ жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тек қана уәкілетті органның Аттестациялық комиссиясының келісімі бойынша жүргізіледі .

Ескерту: 15-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

1 6 . < * >

Ескерту: 16-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

17. Уәкілетті орган Рұқсатты қолдануға бақылау жасауды жүзеге асырады. Қажет болған жағдайда мамандарды даярлау жөніндегі оқу орталықтарының қызметтеріне байланысты қосымша мәліметтер мен құжаттарды талап етуге, сондай-ақ оқу процестерінің жағдайларына өз орнында тексеріс жүргізуге құқықты.

18. Оқу орталығы тыңдаушыларды үлестіру материалымен қамтамасыз етуге міндетті.

19. Аттестациялық комиссияның ұсынысы бойынша уәкілетті орган өз шешімімен берілген Рұқсатты қолдануды мынадай жағдайларда кідіртуге қ ұ қ ы қ т ы :

- сабақ жүргізудің тиісті жағдайы қамтамасыз етілмесе, тыңдаушыларға

үлестіру материалдары берілмесе;

- уәкілетті органның Аттестациялық комиссиясы бекіткен оқу-әдістемелік сабақ жоспарларының орындалмағандығы анықталса;

- оқытушы-профессорлардың құрамы уәкілетті органның Аттестациялық комиссиясының келісімінсіз ауыстырылса;

- аттестациялау жүргізу үшін қажетті құжаттарды оқу орталығы ұсынбаса немесе уақытында ұсынбаса.

Ескерту: 19-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

20. Оқу орталығының өтініші және жолсыздықтарды жою бойынша оқу орталығының қызметін тексеру нәтижесі туралы Аттестациялық комиссияның қорытындысын ұсыну бойынша уәкілетті органның шешімімен рұқсатты қолдану жаңартылуы мүмкін, бірақ оны кідірткен күннен бастап 2 айдан ерте болмау керек.

21. Аттестациялық комиссияның ұсынысы бойынша уәкілетті орган өзінің ш е ш і м і м е н :

- Рұқсатты қолдануды қайтадан кідірту үшін негіз болатын;

- аттестациялау нәтижесі бойынша оқу орталығының қандай да болмасын курсының тыңдаушыларының 60% астамының білімдерінің қанағаттанғысыз екендігін уәкілетті органның Аттестациялық комиссиясы анықтаған;

- Рұқсатты алғаннан кейін алты ай ішінде нақты қолданылмаған жағдайларда берілген Рұқсатты қайтарып алуға құқықты.

Ескерту: 21-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

22. Рұқсатты қайтарып алу немесе оны қолдануды кідірту туралы уәкілетті органның шешімі тиісті оқу орталығының бірінші басшысының назарына жазбаша түрде жеткізіледі.

Приложение к Правилам выдачи
разрешения на осуществление
деятельности по подготовке
специалистов для работы

на рынке ценных бумаг

РҚАО-ның ескерту: Қосымшаның мемлекеттік тілдегі аудармасы болмағандықтан қосымшаның мәтіні ресми тілде берілді .

Сноска. В Приложение 1 внесены изменения - постановлением Правления Агентства РК по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций от 26 марта 2005 года N 116 .

Разрешение

_____ (наименование уполномоченного органа)
разрешает _____

_____ полное наименование юридического лица
осуществлять подготовку специалистов для работы на рынке ценных
бумаг согласно утвержденной учебной программе.

Адрес _____

Расчетный счет _____ в _____ банке _____

МФО _____

Председатель уполномоченного органа _____